

¹Саламатов Е.А., ¹Сабитов С.М.

¹Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

e-mail: seke_71_7@inbox.ru

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ: БАБАЛАР САЛҒАН САРА ЖОЛ ТҮРҒЫСЫНАН

Аннотация. Құқық ғылымында халықтың менталитетіне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне негізделген заңнаманың барынша тиімділікке ие екендігі даусыз. Бұл ең әуелі қылмыспен күрес және қылмыскерлерді жазалау жөніндегі заңдарға қатысты. Өйткені, қылмыстың тарихы өз өркениеті жолында тұлғаның жаман қасиеттерімен күресудің және күнәні ауыздықтаудың жаңа тәсілдерін іздеген адамзат тарихы сынды көнеде жатыр. Дәл осындай үздіксіз процесс барысында, әрбір халықтың өзіндік нанымы мен салттарына негізделген, құқықтық ортада «дәстүрлі құқық» деп аталатын өздеріне тиесілі құқықтық жүйе қалыптасқан. Бұл ретте, қандай да бір халық сырттан келетін саяси, әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық, мәдени т.б. күйзелістерге төтеп берген болса, өзіндік ерекшелігі мен даралығын көрсететін әдет-ғұрып құқығы элементтерін соғұрлым сақтап, қазіргі таңдағы заманауи құқыққа айналдыра білген.

Түйін сөздер: сыбайлас жемқорлық қылмыстары, дәстүрлі құқық, қылмыс, қылмыскерлерді жазалау, сыбайлас жемқорлықпен күрес.

¹Саламатов Е.А., ¹Сабитов С.М.

¹Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

e-mail: seke_71_7@inbox.ru

Особенности противодействия коррупции: с учетом назеданий и опыта истории наследия казахов

Аннотация. Несомненно, что в правовой науке законодательство, основанное на менталитете, традициях и культуре населения, имеет наибольшую эффективность. Это касается законодательства по борьбе с преступлениями и наказанию преступников. Потому что история преступности на пути к своей цивилизации, как и история борьбы с противоправным поведением человечества лежит в далеком прошлом. Именно в ходе этого непрерывного процесса сформировалась принадлежащая им правовая система, основанная на своих преданиях и традициях, так называемое «традиционное право» в правовой среде. При этом, если какой-либо народ противостоял внешним политическим, социальным, экономическим, общественным, культурным и другим потрясениям, то тем больше он сохранил и превратил в современное право элементы обычаев, отражающие его уникальность и индивидуальность.

Ключевые слова: коррупционные преступления, традиционное право, преступность, наказание преступников, борьба с коррупцией.

¹Salamatov E.A., ¹Sabitov S.M.

¹Alikhan Bokeikhan University

Kazakhstan, Semey

e-mail: seke_71_7@inbox.ru

Peculiarities of counteraction to corruption: Taking into account nasedaniye and experience of Kazakh heritage history

Annotation. There is no doubt that in legal science, legislation based on the mentality, traditions and culture of the population has the greatest effectiveness. This applies to legislation to combat crime and punish criminals. Because the history of crime on the way to its civilisation, as well as the history of the fight against unlawful behaviour of mankind lies in the distant past. It was during this continuous process that the legal system belonging to them, based on their legends and traditions, the so-called "traditional law" in the legal environment, was formed. At the same time, if a people has resisted external political, social, economic, societal, cultural and other upheavals, the more it has preserved and transformed into modern law the elements of customs reflecting its uniqueness and individuality.

Key words: corruption offences, traditional law, crime, punishment of criminals, fight against corruption.

Керісінше, халық сыртқы факторлардың әсерінен күрделі өзгерістерге ұшыраған болса, өзінің бірегейлігін аз сақтаған. Екінші топқа бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған халықтарды, әсіресе – қазақтарды жатқызуға болады.

Қазақ құқығының бөлшектенуі Патшалық Ресей құрамына қосылу кезеңінен бастау алды. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан аумағында үш түрлі сот жүйесі бірдей өмір сүрді. Біріншісі – билерді (судьялар) тағайындамайтын, тіпті олар сайланбайтын қазақтың байырғы құқықтық дәстүріне негізделген жүйесі. Бұл жүйеде әділдік сезімі асқынған, шешендік өнерді жіті меңгерген дарынды балалар арасынан іріктеліп, болмысы сәйкестер ғана би атана алған. Олар көп жылдар бойы іс жүзіндегі билерден тәлім-тәжірибе алып, кейін даналардың алдында кәсіби тұрғыда жетілгендіктерін дәлелдей отыра, ауызша емтихан тапсырған.

Екіншісі – бекітілген шенеуніктер тізімінен «сайланған», яғни патша өкіметінен марапат алып, сұлтан және ауыл старшинасы лауазымдарында кемінде 6 жыл қызмет еткен билері бар аралас жүйе [1]. Зерттеушілердің мәліметтеріне сәйкес, аталған жүйенің басты мақсаты – байырғы билерді «қолшоқпарға» айналған сот шенеуніктері арқылы ығыстыру болған [2, 627 б.].

Ал үшіншісі – Қазақстан аумағында өз юрисдикциясын біртіндеп кеңейте бастаған таза ресейлік сот.

Алайда, заңдар секілді тұтас бір халықтың психологиясын өзгерту оңай шаруа емес. Құқықтың халық менталитетінен алыстауы - құқықтық жүйесінің беделін түсіріп қана қоймай, сот ауыртпалығына тап болып, әділдікке жете алмаған талай адамға азап әкелген.

Сол жылдары, қалыптасқан ахуалдың кәугері болған қазақтың танымал ғалымы Шоқан Уәлиханов келесідей пікір білдірген: «.. тот закон хорош для народа, который более ему известен, закон родной, под которым человек вырос и воспитывался, как бы закон этот ни был несовершенен, должен казаться ему лучше, понятнее и яснее самых мудрых законодательств, взятых из вне или навязанных сверху» [3, 94

б.].

Бұл мызғымас ақиқатты орыс ғалымдары да жақсы түсінген. «*Мое пожелание России – следовать примеру Норвегии, где народное правосознание не потеряло до сих пор практического значения и где обычное право существует не инкогнито и благодаря особому снисхождению закона как у нас, а напротив, само подчинило себе официальное право, основанное здесь на народных обычаях и понятиях. Вперед, но ближе к народу! Вот истина, которую нужно писать не чернилами, а кровью собственной груди!*», - деп, тандана келе, И. Орашинский үн қатқан [4, 14 б.].

Алайда, Ресей империясы өзі жұтқан халықтарға қатысты жеке мүддесін ойлай отырып қана әрекет жасаған. Нәтижесінде, менталитет пен күштеп енгізілген құқық арасындағы қайшылықтардың салдарынан қазақы ортада жаңа заңдарға деген сенімсіздік пен мойынсұнбаушылық пайда болды. Бұл ретте, кең сұранысқа ие болған бұрынғы халықтық билер 1917 жылғы революцияға дейін қызмет етіп келді.

Дәстүрлі қазақы құқықтың сарқыншағы кеңес дәуірінде түбегейлі жойылды. Тарихшылардың деректеріне сүйенсек, азаматтық соғыспен, жаппай қуғын-сүргінмен ұштасқан кеңес өкіметінің қалыптасуы - бұрынғы жүйе мен идеялардың тасымалдаушылары болған билер қазақ даласында ең алғашқылар болып физикалық жойылуға ұшыраған. Бұл үдерістің өз мақсатына жетуіне билікке қол жеткізген, қызыл армияшыл қазақтар да септігін тигізді.

Жазбаша құқықтық дереккөздерге тоқталатын болсақ, қарастырылып отырған саланы зерттеуге өз өмірін арнаған академик С.З. Зиманов келесідей пікір білдірген: «*Дәстүрге бойынша көзі ашық тұлғалардың қолында сақталған жазбаша мұрағаттарды жаппай жоюмен сипатталған, кеңес өкіметі тұсындағы қолжазба мұрасына тиген орасан зор залалға қарамастан, ескі режимнің «жақтастары» атанып, құдаланудан қауіптенген кей сақтаушылардың өздері мен олар жиі*

өртеліп, жойылып жатқан» [5, 22 б.].

Заманауи қазақстандық қылмыстық, қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару заңнамаларының, еуропалық елдерге қарағанда, байырғы дәстүрлі құқықпен ешқандай байланысы жоқ. Бізде аталмыш мәселе тек қана тарихи тұрғыдан қарастырылып, энтузиаст-зерттеушілердің ғанақызығушылығын тудырып келеді. Аталған себепке байланысты, бұл мәселені зерделеу қазіргі таңда заң факультеттері студенттері үшін міндетті емес.

Осы тұста фразцуз ойшылы Вольтердің *«Өткенді білмеген бүгінді де, болашақты да, тіпті өзін де білмейді»* деген сөзін еске түсіруге болады.

Біздің жағдайда аталған мәселе дәстүрлі құқық тұрғысындағы сот жүйесінің тарихымен шектелмейді. Жалпылай алғанда, бұл қазақы сот төрелігінің тәжі болған – заңдылықпен емес, әділдікпен ұштасқан құқық философиясына қатысты. Кейде бұл екі ұғым тең мағынада қолданылып келеді, алайда орасан зор қате. Заңдылық – жазбаша түрде көрініс тапқан, заң күшіне ие адамзат туындысы. Барлығымызға мәлім, заңдардың түр-түрі болады: әділетті не әділетсіз, сапалы не сапасыз, заманауи немесе қалыс қалған.

Ал әділдікке келетін болсақ, бұл ұғым қандай да бір бағалау көрсеткіштеріне ие емес. Әділдік – жетілген немесе жетілмеген бола алмайды. Әділдік ол - бар немесе жоқ. Әділдік қандай да бір арнайы білім мен тәрбиені қажет етпейді. Кәнілі бала әкешесінің ашуын өздігінше бағалайды. Ең қаскөй әрі жексұрын қылмыскердің өзі, түрмеде отырып-ақ, өзіне басына қатысты әділ қарым-қатынасты талап етеді. Өмірінде бір ақ рет болса да, әділдікке жүгінбеген адамның жоқ екендігі сөзсіз. Шын мәнінде, әділдік – Жаратушының сыйы, әрбір адамның туа бітісімен бойына даритын айрықша қасиет.

Осыған байланысты, қазақтың байырғы құқығы заманауи англо-саксондық прецеденттік құқық сынды жазбаша ұйғарымдарға емес, әділдік идеясына және одан туындайтын барлық материалдық, процестік және атқарушылық қатынастарғанегізделеді. Жазбаша түрде

бекіту тек негізгі ережелерге қатысты болған, ал қалған мәселелер әділдік елегінен өткізіліп, әр жағдайдың өз шешімі болған. *«Әйелсіз болса – үй оңбас, әділсіз болса – би оңбас»*, *«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»*, *«Атаңның құлы айтса да, әділдікке басыңды и»* секілді мақалдардың қазақ мәдениетімен біте қайнасуы тегіннен-тегін емес.

Әрине, аталған тақырып аясындағы ойды одан әрі өрбітіп, халықтың менталитетіне негізделген дәстүрлі құқықтың сыртқы факторларға мойымай одан әрі дамыған жағдайда, қылмысқа қарсы күрес жөніндегі заманауи заңнамамыздың қандай дәрежеге жететінін болжауға болады. Алайда, бұл мақаланың ондай міндеті жоқ. Осыған байланысты, бірқатар шегіністен кейін жария етілген тақырыпқа қайта оралатын боламыз.

Біз өзіміздің тарихи тәжірибемізден қандай тағылым түйе аламыз? Бабаларымыз бұрын ұрлықпен, жымқырумен қалай күрескен? Жемқорлық пен ұрлықтың түпкі себебі – пайдакүнемдік болса, онымен күрес жөніндегі байырғы тәжірибені бүгінгі Қазақстан үшін өзекті болған жемқорлық проблемасына қатысты қолдана аламыз ба?

Бұл сұрақтарға жауап іздеуден бұрын маңызды нәрсеге шолу жасауымыз қажет. Барлығымызға мәлім, әрбір халықтың өзіне тән бірегей мінез-құлқы болады. Мысалы, немістерге ұқыптылық пен нақтылық, ағылшындарға ұстамдылық пен пысықтық, жапондықтарға еңбекқорлық пен қамқорлық, ал американдықтарға ашықтық пен өз-өзіне деген сенімділік тән. Ал қазақтарға тән қандай ерекшеліктер бар? Біздің дүниетанымымыз бен ой-өрісімізде басқа халықтардан ажырататын қандай бірегейлілік бар?

Қарапайым дәстүрлі отбасында тәрбиеленген қазақ баласында ұжымдық дүниетанымның болуы сөзсіз. Бұл ретте, сөз абстракциялық мағынадағы ұжым емес, адамды қоршаған нақты туған-туыс жайында. Әрбір қазақ, қазақы тәрбиеге сай, өзінің туысқандарын білуі және құрметтеуі (барлығын болмаса да, ең жақындарын), олармен тұрақты қарым-қатынасты ұстауы, мүмкіндігіне сай көмек қолын созып отыру, қайғы мен қуанышқа, даңқ пен масқараға

ортақтасуы тиіс. Осыдан бір жарым ғасыр бұрын Торғай облысының әскери губернаторы Лев Баллюзек өзінің күнделікті бақылауында кей мәселелерді аңғарып, келесідей пікір келтірген: *«В деле взаимопомощи ближнему казахи ни сколько не отстают от других народов и многих даже опередили. Помогать родовичу – это долг всякого казаха и обратилось в непрерывный обычай»* [6].

Қазақ тілінде бұл қасиет «бауырмалдық» деп аталады. Яғни, «бауырмалдық» – тәрибе арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілетін қазақтың менталдік коды десек, қате айтпаған болар едік. Дәл осы қасиет қазақтарды индивидуализмді жоғарғы сатыға шығарған еуропалықтардан түбегейлі ажыратады.

Осыған байланысты, ата-бабаларымыздың тұңғықтағы даналығы менталдік бірегейлілік пен құқықты үйлестіре білуімен сипатталады. Атап айтқанда, пайдакүнемдікпен жасалған қылмыстарға қатысты жетінші ұрпаққа дейінгі туысқандардың ұжымдық материалдық жауапкершілігі қағидасы қолданылған. Оны сипаттайтын, «құндас» (залалды өтеуге қатысушылар) деген термин де болған. Билеріміз *«Отқа жақынның қолы күйеді. Солай болса, ағайыны қоса күймей ешкім құтыла алмайды»* - деп, халыққа үндеу тастаған.

Бұл ретте, ұрлықтан келген залал, жәбірленуші жаққа бірнеше есе көлемде қайтарылған. Бауыржан Момышұлының балалық естеліктеріне негізделіп жазылған «Ұшқан ұя» атты документалді повестінде бір ерекше оқиға мысалға келтіріледі. Көрші ауылдан ұрланған бір-ақ жылқы үшін, жәбірленуші жаққа оның тоғызы төленген, оның біреуін, ұрының арғы туысқаны болған Бауыржанның атасы – Имаш өтеген.

Қазіргі қазақстандық қылмыстық заңнама тұрғысынан мәселеге қарайтын болсақ, ұжымдық жауапкершілік қолайсыз болып есептеледі, өйткені бұләрбір азаматтың өзіжасаған қылмысы үшін жеке жауапкершілігі қағидатына қайшы келеді. Алайда, қазақтың дәстүрлі құқығында басқа қағидат, ол – жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ететін, құқық бұзушының ғана емес, оның

туысқандарының материалдық жауапкершілігі басшылық еткен. Бұндай тәсіл қылмыскердің төлем қабілеті болмаған, сот төрелігінен қашқан немесе дүниеден өтіп кетуіне қарамастан, ұрлықтан келтірілген залалдың толық өтелуіне кепілдік береді. Бұл да бір қазақыәділдіктің қалпына келтірушісипатын айқындайды.

Аталғанды ескере, біздің көзқарасымызға сәйкес, Қазақстанда жемқорлық үшін айыпты адамның туысқандарының материалдық жауапкершілігін қарастыру орынды болар еді. Соңғы жүз жылдықта туысқандық байланыстың әлсірегендігін ескеріп, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 1-бабы 13-тармағымен бекітілген жақын туыстармен шектелу жеткілікті.

Қазақстандық жемқордың батыстағы әріптестеріне қарағанда өз отбасын ғана емес, сонымен қатар туған-туыстарын байытатыны ешкімге жасырын емес. Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте шет мемлекеттердің әдіс-тәсілдерін пайдалану, ондағыдай тиімділікке ие бола бермейді. Мысалы, тікелей басшылардың өз қарамағындағы қызметкерлердің қылмысы үшін отставкаға беруі - көбінесе еуропалықтардың психологиясына тән. Біздің шенеуніктердің психологиясына келер болсақ: ойша елестетіп көріңіз, егер сіз таразының бір жағына шенеуніктің басшысын, ал екінші жағына қандай да бір туысын қойсаңыз «қайсысының жүгі ауыр болатыны» айтпай-ақ түсінікті. Бұны қарапайым түрде жеткізуге болады: кез-келген басшы - уақытша, ал туыстары - мәңгі.

Қазақстанның халықаралық құжаттарға қосылуы және ең үздік деп танылған стандарттарды пайдалануының дұрыс қадам екендігі сөзсіз. Алайда бұл, аталған дертпен күресте өзіміздің ұлттық әдістердің болуына ешқандай кедергі келтірмейді. Осыған байланысты, қазақстандық шенеунікті сыбайлас жемқорлық баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартудың әрбір жағдайында, кейіннен тәркілеу мақсатында жеке өзінің ғана емес, жақын туыстарының мүліктеріне де автоматты түрде тыйым

салынуы тиіс. Мұндай шараның профилактикалық әсері қолданыстағы Қылмыстық кодекстің санкцияларына қарағанда әлдеқайда қуатты болатынына сенімдіміз.

Қандай да бір скепсисті, әсіресе халықаралық құқықтың жақтастары тарапынан туындайтын мінді жоққа шығару үшін, ұқсас тәсілдер әлеумнің бірқатар мемлекеттерінде қолданылып жатқандығын атап өткен жөн. Мәселен, Қытайда шенеуніктің заңсыз әрекеттерінен жеке бизнеске келген залал мемлекет тарапынан толық өтеледі. Содан соң, мемлекет регрестік талап қою арқылы шенеуніктің туыстарынан барлық шығындарды өндіріп алады.

Барынша қатал заңдар Гонконгта да бар. Онда сыбайлас жемқорлыққа күдікті тұлғаның туыстары мүлкіне тыйым әуел бастан салынады. Тіпті жемқордың дүниеден өтіп кетуі демемлекетке келген залалды өтеуге ешқандай кедергі келтірмейді.

Норвегияның тәжірибесі де қызық. Бұл елде жемқордың туысқандарының ғана емес, тіпті бұрынғы жұбайының да мүлкі тәркіленеді екен.

Енді сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша халықаралық рейтингке шолу жасайық. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қытай 66, Гонконг 12, ал Норвегия болса 4-орында. Біздің еліміздің рейтингі 102-орынға жайғасқан [7].

Ойды қорытындылай отырып, басқа мемлекеттерге қарағанда, тарихи тұрғыда қалыптасқан тұрғындар менталитетінің ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстанның өз заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін туыстардың ұжымдық материалдық жауапкершілігін қарастыратын ереже бекітуінің зор себептері бар.

Өткенді жаңғыртудағы таңы бір оң тәжірибе - қылмыстық жазаның жариялылығы. Бұл - жемқор шенеуніктерге қатысты.

Бәлкім, кейбіреулер мұны адамның ар-намысын таптауға шақыру деп қабылдауы мүмкін. Дегенмен, көп елдер, соның ішінде адам құқықтарын сақтаудың эталоны саналатын мемлекеттер, бүгінде

құқық бұзушыларды жазалаудағы жариялылық қағидатын сәтті қолданып келеді. Бұл - жаза түрлері мен жариялылықты қамтамасыз ету әдістеріне қатысты.

Кінәлілерді көпшіліктің алдында жазалау адамзатқа ежелден тән қасиет. Сол еуропа халықтарындағы ашық алаңда кінәлілердің басын кесу немесе оларды өртеу арқылы жария түрде жазалау - эволюция барысында қаланың әртүрлі нысандарындағы қоғамдық жұмыстарға айналды (көшелер, саябақтар, әлеуметтік мекемелердің аумақтары және т.б.). Мысалы, қазіргі Ұлыбританияда қоғамдық жұмысқа тарту барысындағы жариялылық сотталғандарға міндетті түрде «Community Payback» (қазақшаға аударғанда «Қоғам алдындағы қарызды өтеу») деген жазуы бар, арнайы жарқыраған кеудеше кигізу арқылы қамтамасыз етіледі. Істі болғандардың қоғамдық жұмыстардан бас тартуы – жазаны ауыстыруға, яғни, бас бостандығынан айыруға әкеп соқтырады.

Бұл тәжірибе жемқор шенеуніктерге қатысты сәтті қолданылып келеді. Аталған мысал өз мәні бойынша басқа халықтардың дәстүрлі құқығы элементтерін сақтап қалғандығының жарқын мысалы. Қағида бір, бұл - жазаның жариялылығы, бірақ оны жүзеге асыру жолы – заман талабына сай икемделген.

Өткенге көз жүгіртсек, ата-бабаларымыздың дәстүрлі құқығында қылмыскерлерді жазалаудың жария түрде болғандығын байқай аламыз. Бұны қазақтың аңыз-әңгімелері ғана емес, орыс деректері де дәлелдейді. Патшалық Ресей ғалымы Алексей Левшиннің Орынбор аумағында жиналып, 1832 жылы жария көрген мәліметтерін келесі мәселе көрініс тапқан: «*Сына, осмелившегося злословить или бить отца или мать свою, сажали на черную корову, лицом к хвосту, с навязанным на шею старым войлоком. Корову сию водят вокруг аулов и сидящего на ней бьют плетью; а дочь связывается и передается матери, для наказания по ее произволу*» [8].

Жалпы қоғамдық жазалау әдісі даламызда ХХ ғасырдың басына дейін қолданыста болған. Қазақы құқықты зертеуші А. Зуев 1907 жылы келесідей пікір

білдірген: «Система личных наказаний в суде биев была построена, главным образом, не на том, чтобы причинить мучения, а на посрамлении его перед народом: осужденного сажали на несколько часов «под три кола», или под «кереге» (решетка юрты) на открытом месте, дабы проезжий и прохожий могли видеть его позор; стегали его публично, но без обнажения тела, ...» [9, 418 б.].

Осылайша, ата-бабаларымыз бұқара алдындағы жазаның басқалар үшін үлкен профилактикалық әсерінің бар екендігін жақсы түсінген. Қазақтағы ұжымдық ойлауды ескеретін болсақ, ұят пен масқараның күйесі міндетті түрде кінәлінің барлық туыстарына жұғады. «Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза», «Жазаның үлкені – қасқа», «Қоянды қамыс өлтіреді, жігітті намыс өлтіреді» деген қанатты сөздер босқа айтылмаса керек.

Бүгінде бұл ақиқатты еуропалықтар да жақсы түсінеді. Мәселен, батыстық криминологтардың зерттеулері нәтижесіне сәйкес, қоғамдық жұмыс жазасына тартылғандардың арасында қылмыстың қайталануы бас бостандығынан айрылғандарға қарағанда 50%-ға төмен.

Айтылғандарды ескере отырып, Қазақстандағы жемқорлар үшін жазаны өтеудегі жариялылық элементтерін енгізетін кез келді деп есептейміз. Дөңгелекті қайта ойлап табудың қажеті жоқ, тек қоғамдық жұмыстар сынды жазалауды атқарудың еуропалық тәжірибесін қабылдау қажет.

«Қоғам алдындағы қарызды өтеу» деп таңбаланған жемқор шенеуніктердің көшелерді, алаңдарды, қала саябақтарын, жағалауларды, жол жиектерін, т.б. сыпырып жатқандығын халық өз көзімен көруі тиіс. Егер жемқор шенеунік қоғамдық жұмыстардан бас тартса және бас бостандығынан айыру жазасын таңдайтын болса, онда АҚШ-тағыдай олардың түрмедегі өмірін БАҚ арқылы халыққа жариялау қажет. Басқалардың, оның ішінде туыстардың, достардың, таныстардың, әріптестердің және т.б. тұлғалардың алдында ұятқа қалу қаупі адамдардың санасында мықты кедергілер қалыптастырады. Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

мәселесінде аталған факторды барынша пайдалану қажет.

Соңғы жылдары біз тоғышарлардың жетегіне еріп, бас бостандығынан айыру, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа жол берген шенеуніктерге арналған жазалардың аясын кеңейту арқылы қылмыстық заңнаманы күшейтіп келеміз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру тұрғысынан алғанда мұның өзіндік логикасы бар. Алайда, мемлекеттің имиджіне әсер ететін басқа да көрсеткіштердің бар екендігін ескерген жөн. Мысалы, «түрмедегі халық» индексі бойынша халықаралық рейтингке сәйкес, бүгінде Қазақстанда 100 мың адамға шаққанда 184 тұтқын келеді, ал түрме тарихы тереңде жатқан еуропалық елдерінің көпшілігінде бұл көрсеткіш 100-ден аспайды [10].

Біздің дана бабаларымыз қоғамдағы құқықтық тәртіпті түрмесіз-ақ қамтамасыз ете білген. «Түрме» ұғымының өзі оларға жат еді. Бұған тек жартылай көшпелі өмір салты ғана емес, ең алдымен менталитетке негізделген және әділдігі қалпына келтіруші сипатқа бағдарланған құқықтық жүйе ықпал етті. Ақмола облыстық статистикалық комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеунігі И.А. Козлов 1882 жылы келесідей пікір білдірген: «... вместо лестницы наказаний у них существует лестница штрафов» [11, 228 б.].

Сол кездегі қазақ қоғамындағы ұрлық деңгейінің төмендігі туралы көптеген деректерде айтылған. Мысалы, 1886 жылы Семей облыстық статистикалық комитетінің құрметті мүшесі Петр Маковецкий былай деп жазған: «Что же касается вещей, то они редко составляют объект кражи и по отношению к ним казахи, проживающие в степи, весьма беспечны. Так, у них не только оставляются отпертыми юрты во время отсутствия хозяев, но даже в летние месяцы в кочевое время на зимовках оставляются многие вещи, неудобные для перевозки» [11, 287 б.].

Қазақтардың арасында ұзақ уақыт бойы өмір сүргеніне қарамастан, оның қандай да бір мүлкіне ешбір зиян келмегендігін, немістің шығыстанушы-түркологы Василий Радлов (Фридрих

Вильгельм Радлов) 1884 жылы Берлинде жарық көрген «Aus Sibirien» атты еңбегінде атап өткен [12, 408 б.].

Бұның барлығы біз мақаланың басында атап өткен құқық пен менталитет үйлесімділігінің нәтижесі. Мұндай үйлесімділік құқықтық жүйеніңхалық арасындағы тұрақтылығыменбеделін қамтамасыз етті.Өйткені бұл жүйе - мәжбүрлеуге емес, керісінше сендіру әдістеріне сүйенген. Біздің тарапымыздан бабалардың баға жетпес ғасырлық тәжірибесі мен сара жолын қазіргі заманғы проблемаларды, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы мәселелерді шешу барысында елемей - ақылға қонбайтын нәрсе.

Қорытындылай келе, әйгілі американдық элеуметтанушы және саясаттанушы Сэмюэль Хантингтонның «Өркениеттердің қақтығысы және әлемдік тәртіптің шегі»атты кітабында келтірілген ойға сүйенеміз: «Адамдар арасындағы ең маңызды айырмашылықтар енді идеологиялық, саяси немесе экономикалық емес. Бұл - мәдени айырмашылықтар. Халықтар мен ұлттар ең әуелі «Біз кіміз?» деген қарапайым сұраққа жауап іздеуге тырысуда ... Халықтар өздерінің бірегейлігін анықтамай, саясатты өз мүдделерін көздеу үшін пайдалана алмайды», - делінген.

Әдебиеттер:

1. Закон «О распространении на сибирских киргизов общих законов империи» от 19 мая 1854 года
2. Фукс С. История казахского права по русским источникам XVIII-XX в. // Древний мир права казахов. - Алматы «Жеты жарғы», 2004. Т.2. С.627
3. Валиханов Ч. Собрание сочинений. Вып.5. Алма-Ата, 1985. Т.4. - С.94
4. Оршанский И. «Народный суд и народное право» Труды редакционной комиссии. Санкт-Петербург. Том III, 1914. – С.14
5. Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер - Древний мир права казахов: Материалы, документы и исследования. 10 томдық. Алматы: Жеты жарғы, 2004. Том II. - С.22
6. Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющиеся в Малой Киргизской орде силу закона. Записки Оренбургского отдела ИРГО, вып. 2, 1871.
7. Википедия Свободная Энциклопедия. Список стран по индексу восприятия коррупции // https://ru.wikipedia.org/wiki/Список_стран_по_индексу_восприятия_коррупции (Өтініш берілген күні 06.12.2023)
8. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Санкт-Петербург, 1832, часть III
9. Зуев А. Киргизский народный суд// Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер - Древний мир права казахов: Материалы, документы и исследования. 10 томдық. Алматы: Жеты жарғы, 2004. Том VI. - С.418
10. World Prison Brief // [Электрондық ресурс] <http://www.prisonstudies.org> (Өтініш берілген күні 06.12.2023)
11. Материалы по казахскому обычному праву. Сборник I. – Алма-Ата: Академия наук Казахской ССР, 1948. – С.228
12. Radloff W. Aus Sibirien. Berlin, 1884. – С.408

References

1. Zakon «O rasprostraneniі na sibirskih kirgizov obshhих zakonov imperiiі» ot 19 maja 1854 goda
2. Fuks S. Istorija kazahskogo prava po russkim istochnikam XVIII-XX v. // Drevnij mir prava kazahov. - Almaty «Zhety zharғы», 2004. T.2. S.627
3. Valihanov Ch. Sobraіie sochinenij. Vyp.5. Alma-Ata, 1985. T.4. - S.94
4. Orshanskij I. «Narodnyj sud i narodnoe pravo» Trudy redakcionnoj komissii. Sankt-Peterburg. Tom III, 1914. – S.14
5. Zimanov S.Z. Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер - Drevnij mir prava kazahov: Materialy, dokumenty i issledovanija. 10 tomдық. Almaty: Zhety zharғы, 2004. Tom II. - S.22
6. Balljuzek L.F. Narodnye obychai, imevshie, a nyne imejushhie v Maloj Kirgizskoj orde silu zakona. Zapiski Orenburgskogo otdela IRGO, vyp. 2, 1871.
7. Vikipedija Svobodnaja Jenciklopedija. Spisok stran po indeksu vosprijatija korrupcii // https://ru.wikipedia.org/wiki/Spisok_stran_po_indeksu_vosprijatija_korrupcii (Өтініш берілген күні 06.12.2023)
8. Levshin A. Opisanіe kirgiz-kazach'ih ili kirgiz-kajsackih ord i stepej. Sankt-Peterburg, 1832, chast' III
9. Zuev A. Kirgizskij narodnyj sud// Zimanov S.Z. Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер - Drevnij mir prava kazahov: Materialy, dokumenty i issledovanija. 10 tomдық. Almaty: Zhety zharғы, 2004. Tom VI. - S.418
10. World Prison Brief // [Jelektрондық resurs] <http://www.prisonstudies.org> (Өтініш берілген күні 06.12.2023)
11. Materialy po kazahskomu obychnomu pravu. Sbornik I. – Alma-Ata: Akademija nauk Kazahskoj SSR, 1948.

– S.228

12. Radloff W. Aus Sibirien. Berlin, 1884. – S.408

Сведения об авторах

Саламатов Есқали Амангельдинович

Должность: кандидат юридических наук, доцент УО «Alikhan Bokeikhan University»

Почтовый адрес: Республика Казахстан, г.Семей

e-mail: seke_71_7@inbox.ru

Salamatov Esqali Amangeldinovich

Position: Candidate of Legal Sciences, Associate Professor. Alikhan Bokeikhan University,

Mailing address: Republic of Kazakhstan, Semey

e-mail: seke_71_7@inbox.ru

Саламатов Есқали Амангельдинович

Лауазымы: Заң ғылымдарының кандидаты, доцент . «Alikhan Bokeikhan University»

Пошталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Семей қаласы

e-mail: seke_71_7@inbox.ru

Сабитов Серик Мухаметказинович

Должность: доктор PhD, заведующий кафедрой уголовно правовых дисциплин юридического факультета Alikhan Bokeikhan University University»

Почтовый адрес: Республика Казахстан, г.Семей

e-mail: seke_71_7@inbox.ru

Sabitov Serik Mukhametkazinovich

Position: PhD, Head of the Department of Criminal Law Disciplines, Faculty of Law, Alikhan Bokeikhan University

Mailing address: Republic of Kazakhstan, Semey

e-mail: seke_71_7@inbox.ru

Сабитов Серик Мухаметказинович

Лауазымы: PhD докторы, Alikhan Bokeikhan University заң факультетінің қылмыстық құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі

Пошталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Семей қаласы

e-mail: seke_71_7@inbox.ru